

ЖШС «Ер-Сәби2» бөбекжай балабақшасы Әдістемелік отырыс хаттамасы №2

Күні: 14 қазан 2025 ж.

Өткізілген орны: Әдістемелік кабинет

Қатысқандар: Тәрбиешілер, әдіскер, логопед, музыка жетекшісі, дене шынықтыру нұсқаушысы.

Мектепке дейінгі жастағы балалармен тіл дамыту және сауат ашу жұмысын жетілдіру жолдарын айқындау.

1. Тілдік ортаны қалыптастыру ерекшеліктерін қарастыру.
2. Дыбыспен жұмыс, сөздік қорды байыту әдістерін талдау.

1-мәселе бойынша Мектепке дейінгі жастағы балалармен тіл дамыту және сауат ашу жұмысын жетілдіру жолдарын айқындау

Әдіскер Атыгаева Б.А. сөз сөйледі. Ол мектепке дейінгі кезең – тілдің қарқынды дамитын ерекше шақ екенін атап өтті. Балалардың дыбыстық мәдениеті, сөздік қоры, байланыстырып сөйлеу қабілеті дәл осы жаста қалыптасады. Осыған байланысты әрбір тәрбиеші күнделікті іс-әрекет барысында тіл дамытуға ерекше назар аударуы тиіс. Тәрбиешілердің тәжірибесінде әңгімелесу, көркем әдебиет оқу, тақпақ жаттату, дидактикалық ойындар ұйымдастыру, ертегіні сахналау сияқты әдістер жиі қолданылатыны атап өтілді. Сонымен бірге, баланың қызығушылығына сүйене отырып, сурет, ойыншық, табиғи материалдар арқылы сөздік қорды байыту тиімді екендігі айтылды.

2-мәселе бойынша әдіскер Атыгаева Б.А. Тілдік ортаны қалыптастыру туралы айтты. Тілдік ортаны қалыптастыруда педагогтің сөйлеу мәдениеті басты рөл атқарады. Балабақшадағы күнделікті қарым-қатынас кезінде тәрбиеші балаларға дұрыс үлгі көрсетуі керек. Әрбір сұрақты анық әрі түсінікті қою, баланың жауабын тыңдап, оны толықтыруға мүмкіндік беру маңызды деді.

Тәрбиеші сөз алды. Ол дыбыстарды дұрыс айтуға үйретуде артикуляциялық жаттығуларды жүйелі қолданудың қажеттілігін атап өтті. Мысалы: «Жылан», «Ат шапты», «Қоян» жаттығулары балалардың сөйлеу аппаратының қозғалысын дамытады. Бұл балалардың тілі мен сөйлеу дағдыларын жетілдіруге оң әсер береді деді.

Музыка жетекшісі де өз тәжірибесімен бөлісті. Ән айту кезінде дыбыстардың анық айтылуы, сөздердің дұрыс бөлінуі, интонацияның мәнерлілігі балалардың тілін дамытуға қосымша ықпал ететініне тоқталды.

3-мәселе бойынша Дыбыспен жұмыс, сөздік қорды байыту әдістері туралы тәрбиеші Онгарова Камшат сөз алды. «Балалардың тілін дамытуда әрбір күнделікті ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті мен ойынның орны ерекше. Әсіресе дыбыстарды дұрыс айтуға үйретуде жаттығуларды ойын түрінде өткізу баланың қызығушылығын арттырады. Мысалы, «Сықырлы қапшық» ойынында балалар

қапшықтан затты алып, оның атауын дұрыс айтуға тырысады. Бұл ойын сөздік қорды байытуға, ойды жинақтап айтуға көмектеседі деді.

Сондай-ақ, «Дыбысты тап» ойынында біз белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді іздейміз. Мәселен, «с» дыбысынан басталатын «самаурын», «сәбіз», «сурет» сияқты сөздерді балалар өздері табады. Бұл жаттығулар дыбыстарды анық айтуға, есте сақтауға септігін тигізеді деп, суреттер бойынша әңгіме құрату әдісі – балалардың байланыстырып сөйлеуін дамытатын ең тиімді жолдардың бірі. Суретке қарап, бала өз ойымен бөліседі, заттардың түсін, көлемін, пішінін сипаттайды. Осы арқылы балалар сөйлем құрап үйренеді деді.


Мен өз тәжірибемде қазақ халқының мақал-мәтелдері мен жаңылтпаштарын да жиі қолданамын. Олар әрі қызықты, әрі баланың ойлауын, тілін дамытады. Мысалы, «Сыр сандық» ойыны арқылы балалар мақал-мәтелді тыңдап, мағынасын түсіндіреді деді

Әдіскер қорытынды сөзінде әр тәрбиеші оқу іс-әрекетін ойынмен ұштастыруы қажет екенін атап өтті. Баланың назарын ұзақ уақытқа ұстап тұру қиын болғандықтан, тапсырмалар қысқа әрі қызықты болуы тиіс. Сонымен бірге, ата-аналармен бірлесіп жұмыс жүргізу – тіл дамытудың нәтижесін күшейтеді.

Шешім:

1. Барлық тәрбиешілер тіл дамытуға бағытталған инновациялық әдіс-тәсілдерді (ойын технологиясы, көрнекілік, мультимедиа құралдары) қолдансын.
2. Логопедпен бірлесе отырып, дыбыстық мәдениетті қалыптастыруға арналған жаттығуларды күнделікті қолдану ұсынылсын.
3. Балалардың сөздік қорын байыту үшін «Сөздік күнделігін» енгізу, әр аптада жаңа сөздермен жұмыс жүргізу.
4. Әдіскер ай сайын тіл дамыту жұмыстарының нәтижесін бақылап, талдау жасап отырсын.
5. Ата-аналарға үй жағдайында баламен әңгімелесу, кітап оқу, тақпақ жаттату бойынша әдістемелік кеңестер беру.

Әдіскер:



Хатшы:



Атыгаева Б.А.

Рабатова А.Н.